

Артикуляциялық кескін

“P” дыбысының артикуляциясы


- Жоғарғы, төменгі тістер арасы алшақ келеді;
- Тілдің ұшы альвеоларға қарай жоғары көтеріледі, тілдің өзі қатыңқы, арқа тұсы көтеріңкі, тіл мен таңдай арасында ауа толқыны еркін өтеді;
- Тілдің шет жақтары азу тістерге жабысып тұрады;
- Дауыс шымылдықтары қатайып, бір-біріне жақындап, діріл арқылы дыбыс шығарады;



“С” дыбысының

артикуля

- Ерін жымып жүреді;
- Тістердің арасы шамамен 1 мм ашық;
- Тілдің ұшы төменгі тістерге тіреліп тұрады;
- Тілдің ортасы көтеріңкі, ортасында жырашық пайда болады, сонымен ауа жолы жүреді;
- Тілдің бүйір жақтаулары жоғарғы азу тістерге тиіп тұрады;
- Жұмсақ таңдай көтеріліп, мұрынға баратын ауа жолын жабады, дыбыс перделері ашылады;



“Ш” дыбысының артикуляциясы

- Ерін аздап дөңгеленеді;
- Тістер не қысылған, не жақындаған, арасында жіңішке саңылау 1-2 мм болады;
- Тіл таңдайға ожауланып көтеріледі, оның бүйірлері жоғарғы азуларға тиеді.
- Алдыңғы ұшы альвеол артындағы таңдайға тиіп, ортасында жарты ай қуысын жасайды;
- Жұмсақ таңдай көтеріліп, мұрын жолын бітейді;



“Л” дыбысының артикуляциясы

- Тілдің ұшы күрек жоғарғы тістерге қарай көтеріледі;
- Тілдің екі жақ шетімен азу тістердің арасында ауа жолы шығатындай саңылау бар;
- Тілдің түбір жағы көтеріңкі, Л дыбысын айтқанда төмен қарай түсіңкі;
- Дауыс желбезегі біріккен және дірілдеп тұрады;
- Жұмсақ таңдай көтеріліп, мұрынға баратын ауа жолын жабады.



“К” дыбысының артикуляциясы

- Жоғарғы, төменгі күрек тістер арасында саңылау сақталады;
- Тіл ұшы төмен, үсті таңдайға тиеді;
- Ол фонетикалық жағдайға қарай өзгеріп отырады;
- Дыбысты айту кезінде тіл мен таңдай байланысы қопарылып, арттағы ауа қысымына жол ашады;
- Жұмсақ таңдай көтеріліп ауа жолын жабады;



“Ы” дыбысының артикуляциясы

- Ерін белсенді емес, төменгі жоғарғы тістердің арасында саңылау болады;
- Тіл ұшы төмен, тіл үстінің орта кейінгі бөлігі;
- Таңдай ортасына көтерілген тіл бүйірлері түпкі азуларға тиеді;
- Тіл и дыбысындағыдай кейінге орналасады;
- Жұмсақ таңдай көтеріліп мұрын жолын жабады, дауыс перделері бірігіп, тербеледі;



“Ү” дыбысының артикуляциясы

- Еріндері құбырға ұксап, ұшы сүйірленіп алға созылады;
- Үстіңгі тістері мен астыңғы тістерінің арасы белгілі бір қашықтағы жағдайда сақталады;
- Тілдің ұшы астыңғы тіске тіреледі де, екі жағы көтеріліп, үстіңгі азу тістерге қабысады;
- Тілдің ортасында ауыз қуысымен еркін шығатын астау пайда болады;
- Жұмсақ таңдай көтеріледі де мұрын ауа жолы жабылады;

Ү
ДЫБЫСЫ

“Ә” дыбысының артикуляциясы

- Екі езу сәл кері тартылып, жымиып күлген кісінің кейпін көрсетеді;
- Үстіңгі тістері мен астыңғы тістерінің арасы а дыбысын айтқандағыдан гөрі жақынырақ қашықтықта сақталады;
- Тілдің ұшы астыңғы тіске тіреледі де, үсті көсіліп көлбеу жатады;
- Дауыс шымылдығы жабық болады;
- Жұмсақ таңдай көтеріледі де мұрын ауа жолымен жабылып тұрады;



“І” дыбысының артикуляциясы

- Еріндері дыбыстың шығуына қатыспай жатады;
- Үстіңгі тістері мен астыңғы тістерінің арасы бір-біріне жақын келіп тұрады;
- Тілдің ұшы астыңғы тіске тіреледі де, үсті көсіліп көлбеу жатады;
- Дауыс шымылдығы жабық болады;
- Жұмсақ таңдай көтеріледі де мұрын ауа жолымен жабылып тұрады;



“Қ” дыбысының артикуляциясы

- Еріндері өзінің алдыңғы немесе соңындағы қосылып айтылатын дыбыстарға байланысты өзгеріп отырады;
- Үстіңгі тістері мен астыңғы тістерінің арасы белгілі-бір қашықтағы жағдайда сақталады;
- Тілдің ұшы астыңғы тіске тіреледі де, үсті көсіліп көлбеу жатады;
- Дауыс шымылдығы жабық болады;
- Жұмсақ таңдай көтеріледі де мұрын ауа жолымен жабылып тұрады;



“Ң” дыбысының артикуляциясы

- Еріндері өзінің алдыңғы немесе соңындағы қосылып айтылатын дыбыстарға байланысты өзгеріп отырады;
- Үстіңгі тістері мен астыңғы тістерінің арасы белгілі-бір қашықтағы жағдайда сақталады;
- Тілдің ұшы төмен түседі де, арты таңдайдың түбіне барып жабысады;
- Ауа мұрын жолы арқылы шығады;



“Ө” дыбысының артикуляциясы

- Астыңғы тістер мен жоғарғы тістер арасындағы ара қашықтықтан бір шама үлкендеу болады;
- Тілдің ұшы төмен түседі де, сәл артқа қарай тартылады;
- Ортасының көлбеулігі бір деңгейде сақталады, ауа қуысымен еркін шығады;
- Жұмсақ таңдай көтеріледі де мұрын ауа жолы жабылады;
- Дауыс шымылдығы жабық болады;

